

**МКҚК "№1(хор) Балалар музыкалық мектебі" бойынша  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау  
нәтижелерін жария талқылау жөніндегі Хаттама**

**23.10.2024ж.**

**Алматы қ.**

**Төрағалық етуші:**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының төрағасы А. Д. Климишина.

**Қатысты:**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері.

**Күн тәртібінде:**

Осы ұйымның қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін талқылау.

Талқылауды директордың оқу -ісі жөніндегі орынбасары А. Д. Климишина ашып, күн тәртібі мен басты тақырыпты айтты.

МКҚК "№1(хор) Балалар музыкалық мектебі"-нің қызметінде ағымдағы жылы үшінші тоқсанда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі- СЖТІТ) жүргізілді. "Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл" №4 ТБН жобаларын орындау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес СЖТІТ нәтижелерін жария талқылауды жүргізу қажет. Осыған байланысты, бүгін біз СЖТІТ нәтижелерін көпшілік алдында талқылаймыз.

СЖТІТ мына негізде жүргізілді:

- "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы;

- "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар" Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 30.12.2022ж. № 488 бұйрығымен бекітілген.

СЖТІТ мына принциптер бойынша жүргізіледі:

- 1) Объективтілік
- 2) Сенімділік
- 3) Ашықтық

#### 4) Жан-жақтылық

Комитеттің нұсқауына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі талдамалық анықтама мен іс-шаралар жоспары Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар барлық жұмыс процестері келісілгеннен кейін ғана қалыптастырылсын.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдар заңды, тиімді, орындалатын және талдау объектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауға бағытталған болуға тиіс.

СЖТІТ жүргізу кезінде процедуралық бұзушылықтар анықталған жоқ. Анықтамада көрсетілген ақпарат МКҚК "№1(хор) Балалар музыкалық мектебінің" қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысы бойынша жұмысқа қабылданды.

#### Төраға

Директордың оқу -ісі жөніндегі орынбасары  
функцияны жүзеге асыруға жауапты тұлға комплаенс қызметі

  
Климишина А.Д.

#### Жұмыс тобының мүшелері:


Кәсіподақ комитетінің төрағасы


Оқытушы


Оқытушы

Оқытушы

  
Кулагина Т.В.

  
Дымочкина Е.И.

  
Дорошенко М.С.

  
Сулейменова С.К.